



Ғылыми мақала  
ҒТАХР 21.15.47



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-387-401>

## Мұхаммед пайғамбардың мемлекет басқаруындағы ерекшеліктері

Сембіұлы Нұрболат<sup>а</sup>, Абишева Замира<sup>а</sup>

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ,  
Астана, Қазақстан

✉ [nurka\\_kazakh@mail.ru](mailto:nurka_kazakh@mail.ru)

**Андатпа.** Мақала мазмұны Мұхаммед Пайғамбардың Мәдина қаласына көшуі және сол жерде ислам мемлекетін құру оқиғаларына арналады. Мақалада сол кезеңдегі Пайғамбардың мемлекет құруда және халықты басқарудағы мәселелерді қалай шешкендігі, ислам дінін тарату жолында жасаған жүйелі жұмыстары туралы тарихи деректер келтірілген. Ислам діні келгенінен бері әмбебап бір дін болып, бүкіл адамзат үшін ең соңғы және ең кемел дін ретінде танылды. Соңғы діннің ең соңғы Пайғамбары төзімділік, әділдік, еңбекқорлық, адалдық, шыншылдық, ақылдасу, ынтымақтастық пен мейрімділік қасиеттері бар мықты және әділ бір мемлекет басқарған. Мұхаммед Пайғамбар Меккеден Мәдинаға көшіп етіп келгеннен кейін қаладағы түрлі сенім мен ой-пікірді ұстанатын ағымдармен, түрлі этникалық топтармен барлығына ортақ келісім-шарт жасап, әділетті басқарудың үлгісін көрсете білді. Алла елшісі әруақытта осы келісімге адалдығынан айнымай, барлық міндеттемелері мен шарттарын мүлтіксіз орындаған. Пайғамбардан қалған осы ел басқару үлгісі және бойындағы ел басқаруға тән қадір-қасиеті қазіргі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Сонымен бірге, Пайғамбардың бойындағы ел басқарушылық қасиеттері, Пайғамбардың ислам қағидалары мен демократиялық принциптерге сай құрған жүйесі және мемлекет басқарудағы ерекшеліктері туралы жазылған.

**Түйін сөздер:** Мұхаммед пайғамбар; ислам; ислам тарихы; ислам заңы; мемлекет; әділдік; адам құқықтары; хижрет; Мекке; Мәдина; байтулмал.

**For citation:** Sembiuly, N., Abisheva, Z. Features of the Prophet Muhammad in public administration. Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies. 2024. №4(149). 387-401. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-387-401>

**Для цитирования:** Сембіұлы Н., Абишева З., Особенности Пророка Мухаммеда в управлении государством. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки Философия. Религиоведение. 2024. №4(149). 387-401. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-387-401>

## Кіріспе

Мемлекетті әділ басқару, барлық адамдардың құқығын тең дәрежеде сақтай білу екі дүниеде де жауапкершілігі мол іс. Мұны Алла елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) үмбетіне ісімен көрсетіп кеткен және казіргі демократиялық принциптерге сай көптеген насихат қалдырған. Қонар көшер және тайпалық өмірдің кең тараған аумағында дүниеге келген өз. Мұхаммед (с.ғ.с.), Меккедегі өмірі бойынша мемлекет құру үшін ешқандай да іс-әрекет жасамаған, бірақ пайғамбарлығының он үшінші жылында Ақабе деген жерде Мәдинадан келген тайпалармен кездескен соң hijреттен (Меккеден Мәдинаға көшу) кейін құрылатын мемлекеттің негізі қаланғанын айтуға болады. Осылайша өз. Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға hijрет еткеннен кейін, шарттарға байланысты Мәдинада өмір сүріп жатқан тайпалардың көшбасшыларымен өзара жиналып мемлекет құру жайында іс-әрекеттер жасаған. Әсіресе діндері, наным-сенімі басқа қоғамда, осындай мемлекет құрылуы қарапайым да болса өте маңызды рөл атқарады.

Алғашқы Ислам мемлекетінің құрылуына байланысты соңғы кездегі зерттеушілерден кейбіреуі (Мұхаммед Хамидуллах; Ханафи Палабиық сияқты) жеке зерттеу жұмысын жүргізсе де жасалған конституцияның қайтадан қаралуы, заманымыз үшін маңызды болмақ. Осы себепке байланысты аталған конституциядағы берген дерек көздеріне сүйене отырып, қайтадан қолға алып жаңа көзқараспен қарап шығудың пайдасы болады деп ойлаймыз. Өйткені бұл конституцияның, өзге дін өкілдері мен әртүрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, саяси тұрғыдан бірге өмір сүруді үлгі ретінде көрсеткен маңызды зерттеу болып табылады. Осылайша, қиын-қыстау кезінде құрылған ислам мемлекеті, жеке құқық және бостандықтарына кепілдік бере отырып, әділеттілікті сақтады. Осындай себеппен милади 622 жылында құрылған бұл мемлекет он жылдай қысқа бір мерзім ішінде барлық Араб түбегіні өз бақылауына алып үстемдік етті (Kouyuncu, 2009: 88-89).

Мақаланың мақсаты Мұхаммед Пайғамбардың мемлекет құрудағы және басқарудағы діни және демократиялық принциптерінің маңыздылығын көрсету.

## Зерттеу әдіснамасы

Мұхаммед Пайғамбардың Мәдина қаласына көшіп ислам шарифатына сай мемлекет құру жолын, сол елдің қалыптасу тарихын зерделеу арқылы зерттеу әдіснамасында қалыптасқан тарихи және жүйелілік принципі қолданылды. Сонымен қатар, философиялық, логикалық, аналитикалық, жалпыдан жекеге өту, герменевтика тәсілдері арқылы мұхаммед Пайғамбардың ел басқарудағы ерекшеліктері анықталады.

Меккеде Мұхаммед Пайғамбар өзін басқарушы ретінде толық жүзеге асыра алмады. Бұған қала тұрғындарының басым бөлігінің Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) қабылдамай, дұшпандығының артуы кедергі болды. Мәдина қаласына көшкеннен кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы жерде халықтың барлық топтарының мүддесін құрметтейтін басқару жүйесін құра алды. Қол қойылған келісімге сәйкес қаланы басқару мұсылмандардың қолына берілді, бірақ басқа этно-діни топтардың, оның ішінде еврейлердің де мүдделері ескерілді. Бұл ең алғаш жазылған конституциялық

заңның негіздері болды деп сеніммен айта аламыз. Осылайша, Мәдина қала-мемлекетке айналды. Осы тарихи кезеңде Мұхаммед Пайғамбарымыздың мемлекет басқарудағы демократиялық принциптерінің негіздері қандай болды? Сонымен бірге, Пайғамбарымыз құқықтық және экономикалық мәселелерді шешу бойынша ислам талабына сай жүйені қалай қалыптастыра білді? Меккелік мұсылмандар (мұхажир) мен Мәдиналық мұсылмандарды (ансар) қалай бауырластырды? Пайғамбарымыздың түсінігіндегі мемлекет дегеніміз не? деген сауалдарға осы зерттеу жұмысында жауап беру міндеттелді.

Мемлекет түсінігіне ие болмаған қоғамда дүниеге келген әз. Мұхаммед (с.ғ.с.), Меккеде өзіне *«Жаратқан Раббыңның атымен оқы!»* (Аләқ сүресі, 96/1.) уахи келгеннен соң өткізген он үш жыл бойы, адамдардың сеніміне байланысты уағыз-насихат айтып, оларды Аллаға иман келтіруге шақырды. Ол Алла мен құлдар арасындағы елшілік міндетін атқарды. Өйткені ол бір Расулді. Негізінде Құран оны бір елші ретінде танытады: *«...Біз сені адамдарға елші ретінде жібердік...»* (Ниса сүресі, 4/79). Осыған қарағанда бұл кезеңде әз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) мемлекет басқару және мемлекет құру пікірінде болғанын айту өте қиын. Меккелік мүшріктер пұттарына тіл тигізбеу шартымен өзіне патшалық ұсынысы жасаған кезінде, әз. Мұхаммед (с.ғ.с.): *«Оң қолыма күнді, сол қолыма айды берсеңдер де, ислам дінін уағыздаудан бас тартпаймын»* (Ibn Nişam, 1985: 353) деп жауап беру арқылы биліктің соңында болмағанын ашық түрде айтқан.

Мұсылмандар, Меккеде әр түрлі азап пен қиыншылыққа қарсы төзіп өмір сүріп жатты. Бірақ әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) басқа рулардың исламды қабылдап өздеріне жәрдем ететініне сенгенді, сондықтан қажылық міндетін атқару үшін Меккеге келген тайпалармен кездесіп, оларға исламды түсіндіріп сендіруге ат салысты. Осылайша, милади 620 жылында қажылық сапарымен Ясриб'тен (Ясриб, Мұсылмандардың Меккеден көшіп (нижрет) келіп орналасқан, Ислам мемлекетін құрған кішкентай ауылдың атауы. Кейіннен бұл жерге Мәдина атауы берілген. Тіпті әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) көзінің тірісі кезінде Мәдина сөзін Ясриб үшін құрметті атау ретінде қолданған. Уақыт өте келе Ясриб атауы ұмытылып Мәдина атымен атала бастаған. Қараңыз. (Lewis, 2007: 49) келген, екеуі Әус, оны Хазраж руларларынан құралған делегациямен Меккенің сыртында Ақабе деген жерде, әз. Мұхаммед пен (с.ғ.с.) кездесіп, адалдық антты қабылдайды. Өйткені Мәдинада саяси және орталық басқару билік жүйесі болмаған. Араларында қанды-қақтығыстар өте жиі орын алатын. Тайпалар арасында бейбітшілік пен тұрақтылық болуын қалаған олар, бұл жағдайды іске асыратын тұлға ретінде әз. Мұхаммедке (с.ғ.с.) сенген еді.

Әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударған уақытта (нижрет) Мәдина халқы ру-ру халінде өмір сүріп жатқан және орталықтанған билік жүйесі де болмаған. Сонымен қатар, рулар арасында қанды кек қақтығыстары кең етек жайған, трайбализм өршіп тұрған кезең болатын. Басқа бір жағынан Мәдинада өмір сүріп жатқан адамдар арасында діни бірлік береке де жоқ еді. Әртүрлі дін өкілдері болған. Мұсылмандар, христиан арабтар, еврейлер және өте аз болса да пұтқа табынушылар болған. Мәдинада тұрғылықты адам саны 10 мыңға жуық болғаны, басым көпшілігін басқа дін өкілдері құрағаны жайында айтылады (Hamidullah, 1991: 183). Әр әлеуметтік топ басқаларынан бірнеше шақырым ұзақ көшелерде немесе ауылдарда тұрған. Үйлердің құрылысында көбінесе кірпіш

қолданылып, екі қабат қылып тұрғызылған. Әр рудың өздерінің белгілі шекаралары болған. Қандай да бір қауіпсіздік төнген жағдайда екі немесе үш қабат қылып салған мұнараларына паналап өздерін қорғайтын (Hamidullah, 1992: 13-14).

Ешқандай саяси ұйымға ие болмаған рулардың басында бір басшы болып, мүшесі болған рудың кеңесте қабылданған шешімдеріне қарай басқаратын. Алайда, рубасының ереже қоюға билігі болмаған. Оның негізгі міндеті рулар арасында туындаған келіспеушілікті реттеу, мұқтаж жандарға көмек қолын созу еді. Көбінесе рудың материалдық жағынан ең ауқаттысы, қоғамның ішінде ең беделдісі шейх болып тағайындалып, мүшесі болған рудың өкілдігін жүргізетін (İbrahim Hasan, 1991: 73-74).

Өздеріңізге де белгілі болғандай әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) он үш жыл бойы Ислам дінін Меккеде уағыздап, ол сүйген мекені, өсіп ер жеткен ата жұрты, әрбір көшесін жақсы көрген туған жерін тастап кетуге мәжбүр болған. Мұсылмандардың ары қарай өмір сүрулері үшін hijret қажеттілікке айналған еді. Қаншама жыл мүшрикердің әртүрлі зорлық-зомбылықтарына сабыр еткен мұсылмандардың бұдан былай бұл қалада жан мен мал-мүлік сенімділігі қалмаған-ды. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дінге қарсы шақыруына тосқауыл бола алмаған мүшрикер оған қарсы қастандық жоспарлары жасай бастаған. Екінші жағынан, Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) ислам дінін Меккеде үстем ете алмады. Алла елшісі (с.ғ.с.) уағыз-насихатын жалғастыру және ислам дінін қалың бұқараға жеткізу үшін Меккеден көшіге бел буды.

Мұсылмандар Ясрибке (Мәдинаға) екінші Ақаба антынан кейін шақырылды. Олар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) рұқсат беруімен бірте-бірте hijret етті. Бұдан былай мұсылмандардың Меккеде қалуы мүмкін болмағандықтан, өзіне қол ұшын беруге сөз берген Мәдина қаласына адал досы әз. Әбу Бәкірмен бірге hijret ету үшін жолға шығады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 622 жылында әз. Әбу Бәкірмен бірге мүшрикердің тұзағынан өтіп, қиын сапардан кейін Ясриб маңындағы Қубаға келеді. Бұл жерде біраз уақыт тұрақтап, мешіт салған Алла елшісінің (с.ғ.с.) бастамасымен бұдан былай «Мәдина Мунәууәра» деп аталатын Ясрибке ұзақ әрі шаршап шалдыққан сапардан кейін киелі Мәдина қаласына жетті (Abdullah b. Muslim, 2001: 168-204).

Hijret, мұсылмандар үшін барлық жағынан бетбұрыс және жаңа болашақтың басталуы болған. Меккеде қалған кездерінде мүшрикердің қысымына ұшырап өмір сүру күресін жүргізген мұсылмандар hijretтен кейін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) басшылығымен аз уақытта Мәдина ислам мемлекетінің мүшелері қаліне келген.

Осыдан кейін көптеген елдердің саясаты, соның ішінде меккелік мүшрикер, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) діни, саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы бастамасымен hijretтен кейін құрылған Мәдина ислам мемлекетін мойындауға тура келді. Мойындап ғана қоймай, бұл елдің діни ұстанымдарын қабылдап, саясатымен санасуға мәжбүр болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), мұсылман мемлекетінің басшысы ретінде әрқашан саяси сұхбаттастарына жақсы ниет білдіріп, мәжбүр қалмағанша, қарулы қақтығысты таңдамаған (Арак vd., 2021: 24).

Hijret – исламның алғашқы отаны пайда болуын білдіреді. Ал бұл ислам мемлекетінің пайда болуының хабаршысы еді. Сол себептен ислам мемлекеті құрылу үшін ардақты пайғамбар ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуі қажет еді. Оның бұл

жолда жасаған алғашқы қадамы- мұсылмандардың бірігіп құлшылық етуі үшін мешіт тұрғызу, ансар мен мұхажирдің арасында бауырмалдық құру және аймақтағы саяси ахуалды түзету болды.

Мешіттің тұрғызылуы ислам мемлекетінің орталығы болуының себебінен мұсылман қоғамының ғимараты және ислам мемлекетінің саяси қалыптасуындағы алғашқы және ең маңызды қадам ретінде қабылданған (Таққуш, 2023: 31).

Алла Елшісінің (с.ғ.с.) хижреттен кейінгі Мәдинадағы алғашқы әрекеттерінің бірі ислам мемлекетінің әкімшілік орталығы болған Мәжид әл-Нәби мешітін салу болды. Мешіт; ол діни, әлеуметтік және әкімшілік істерді жүзеге асыратын және оқу-ағартудан сот қызметіне дейін көптеген салаларда қолданылған орталыққа айналған. Мешіттің жанындағы Суффа деген жер кедей және жалғызбасты мұсылмандардың қалатын үйі болған. Мұндағы қарапайым жүргізілген іс-әрекеттер кейінгі кезеңде пайда болатын көптеген ғылымдардың туу мен дамуының негізін қалады (Арак vd., 2021: 25 б).

Бұл мешіт, мұсылмандар үшін әрі ғибадат орны, әрі діни және әлеуметтік жиналатын орталықтары еді. Сырттан келген қонақтар мен елшілер осы жерде күтілетін. Бұл киелі жер, реті келгенде қылмыскерлердің жауапқа тартылатын сот орны, кей кездері Алла Тағаладан келген уахиды үмбетіне жеткізетін сұхбат орталығы, кейде қонақтардың келетін қонақ үйі, кейбір кездері жастардың ислам дінін үйреніп, Құран жаттайтын медресесі ретінде пайдаланылған. Мұнымен қоса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бақытты жанұясы да осы жерде тұратын. Тіпті мешіт алаңы кей кездері ауырған адамдар келіп емделетін аурухана түрінде қолданылатын (Bozkurt vd., 2004: 281-290).

Мешіт тек намаз оқитын ғибадатхана емес, сонымен қатар ислам тағылымдары мен нұсқауларын үйренетін оқу орны, мұсылмандар бас қосатын және надандықтың сезімдері мен соғыстары ұзақ уақыт бойы араларын жік-жікке бөліп, алауыздықпен бір-бірімен шайқасып, ата-жау болып жүрген түрлі тайпа тумаларының ортақ бітімге келіп, татуласатын отауы болды. Сондай-ақ мешіт барлық шаруаны басқарып жүргізетін орда, халықты исламға шақырушы елшілер шартарапқа аттандырылатын орталық, мәслихат, кеңес өткізетін әрі түрлі шаралар іске асырылатын мәжіліс үй қызметін де атқарды.

Осының барлығына қоса, іргесі жаңа қаланған бұл мешіт Мәдинаны паналап келген, онда не үй-жай, не мал-мүлкі жоқ, не отбасы, не бала-шағасы жоқ көптеген кедей мұхажирлер тұратын үй де болды (әл-Мубаракфури, 2023: 173). Яғни, сол кезден бастап мешіттердің әр түрлі функциялары болған.

Сонымен қатар, Мұхаммед пайғамбардың артынан ілескен мекеллік мұсылмандарға «мұхажир», ал мәдиналық мұсылмандарға «ансар» деген ат берілді. Кейін пайғамбар оларды ислам бауырластығымен біріктіргісі келді. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) болашақты болжаған көреген ұлы тұлға ретінде ансар мен мұхажирді бір-бірімен бауыр болғанын жариялады. Расында мәдиналық ансар, мал-мүліктерін тек Алланың разылығы үшін тастап, Меккеден қоныс аударып келген мұхажирлерге шынайы ықылас танытып қолдарындағы барымен бөлісті. Сол кездері бір-бірімен жылдар бойы соғысқан араб тайпалары ислам бауырмалдығының аясында бір бітімге келген. Алайда Мәдинада өмір сүріп жатқан Надир, Бени-Кайнука және Курайза ұлдары ретінде үш еврей тайпасы бар еді (Авси, 2022: 88). Мәдинаға келген соң пайғамбардың артынан

қоғамда күш-қуатқа ие адамдар ілесті. Осы ілесушілерінің арасында оның саяси орны да болды. Әуелі Әус пен Хазраж руларының арасын түзеумен бастап, олардың жүрегінде бұрыннан келе жатқан бір-біріне деген кек пен ызаны жойды. Оларды өзіне көмектесуші, исламға шақыруды қолдаушы деген мағынаға саятын «ансар» деген атпен біріктірді. Одан соң мұхажирлердің әлеуметтік мәселесін шешу үшін мұхажирлер мен ансарларды бауырластырды. Осыған байланысты мұсылмандарды дін бауырластығының әсерімен қаны бір бауырдан да күшті байланысы бар, құқық, теңдікке ие, өлгеннен кейін бір-біріне мұрагер болатындай бауыр деп жариялады.

Жахилият дәуірінде пайда болған, кейін үкімі жойылған «хылф»-тың орнына дін бауырластығын орнатты. Муахат – мұсылман қоғамы мен ислам мемлекетін құру жолында пайғамбар бастамасымен пайда болған екінші негіз саналады. Себебі қандай да бір мемлекет тек үмбеттің бірлігі мен өзара көмегімен ғана құрылады және дамиды (Таққуш, 2023: 32).

Мұхажилер мен ансарларды бір-бірімен бауырластырудың себебі: мұхажирлер өзара-бірбірімен онсыз да әрі дін бауырлас, әрі жерлес, әрі қандас туысқан еді. Ал олар мен ансарлардың арасындағы бауырластық аса маңызды болды, өйткені жаңа қалаға үйсіз-күйсіз бас сауғалап келген мұхажирлердің нақты бір жәрдемге ие болуы үшін қандас туыстары емес, жергілікті мұсылмандармен қосымша бауырласуы қажет-ті.

Бұл бауырластықтың атқарар қызметі, мәні зор болды, осы арқылы надандық дәуірінде қалыптасқан рушылдық ылаңдарына нүкте қою, қоғамдағы текке, нәсілге, аймаққа байланысты бөлінушіліктерді, үстем таптық жүйені жою, біреуді жақын тарту мен біреуден бойды аулақ салу принципін исламға ғана негіздеу көзделді.

Нәтижесінде, бұл бауырластық сөз жүзінде ғана қалмай, осылай бауырласқандардың күнделікті тәжірибесіне тереңдегенді. Осы бауырластық сабақтастырған мұсылмандарда бауырын өзінен артық қою, оған барынша жұбаныш болу және оны жанына жақын тарту сезімдері біте қайнасып, жаңа қоғамдағы қарым-қатынастарды ең тамаша үлгіде өрнектеп, көмкеріп жатты.

Ансарлардың мұхажир бауырларына қаншалықты мейірбан, қамқор болғанын, сол бауырлары үшін қолындағы барын құрбан етуге әрдайым дайын тұрғанын, оларды өздерінен де артық көргенін, оларға деген сүйіспеншіліктері мен кіршіксіз бауырмалдықтарын айғақтайды. Ал олардың ілтипаттары мен жомарттықтарын лайықты түрде бағалай білген мұхажирлер ансар бауырларының ықыластарын асыра пайдаланбай, әдеп сақтап, азға қанағат етіп, олардан талғажауға жарайтын мөлшерде қажеттіні ғана алған. Шын мәнінде де, мұхажирлер мен ансарларды бауырластыру-теңдессіз шара, дұрыс та дана саясат әрі, жоғарыда айтылғандай, мұсылмандар жаңа қалада кездескен көптеген қиыншылықтың тамаша шешімі болды (әл-Мубаракфури, 2023: 173-175)

Келісімдік бауырластық ұйымы (муахат): Алланың елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келген соң, Мәсжид ән-Нәбәуиде сахабалар арасында бауырластық орнатты. Меккеден келген 186 жанұяны Мәдинадағы осынша отбасының жанына орналастырды. Бұл бауырластықты құру үшін бірқатар себептер қарастырылды. Меккеде мал-мүліктерін тастап келген мұхажирлердің қажеттілтерін қанағаттандыру үшін. Алғашқы күндері ансардың

үйлеріне қонақ болып тұрған мұхажир осы бауырластық орнауының нәтижесінде бауырларының үйлеріне қысылмай кіріп-шығып, бір-бірінің жұбайымен сөйлесіп, өз үйлері сияқты жайлы сезініп, тіпті бір-бірлеріне мал-мүлік те сыйға тартқан. Бұл әрекеттердің барлығы мұхажир мен ансарлар арасында ықылас пен жақындықты арттыру үшін жасалған қадамдар еді. Соның арқасында әлеуметтік ынтымақтастығы берік және күшті қоғам құруды мақсат тұтқан. Жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа ішкі және сыртқы жауларға қарсы бірлік пен ынтымақтастықты нығайту болған (Palabiyuk, 2002: 102-103)

Муахат деп аталатын бұл қолдану әдебімен тайпалық ашушандықтың орнын дін бауырмалдығы алған, кедейшілікпен қатар, келген жерлеріне бейімделуге тырысқан мұхажирлердің әлеуметтік мәселелері негізінен шешілген. Екінші жағынан, ансарлардың кеңпейілді көзқарасы мен мұхажирлердің табандылығы мен күш-жігерінің арқасында өмір аз уақыттың ішінде өзінің табиғи бағытына оралған (Арак vd., 2021: 24).

Сондай-ақ, сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға хижрет етіп келгеннен кейін қаладағы түрлі сенім мен ой-пікірді ұстанатын ағымдармен, түрлі этникалық топтармен «Мәдина уәсиқасы» (Уәсика) -араб тілінде құжат деген мағынаны білдіреді) атты келісім шарт жасайды. Алла елшісі әруақытта осы келісімге адалдығынан айнымай, барлық міндеттемелері мен шарттарын мүлтіксіз орындаған. Мәдина уәсиқасында діни, нәсілдік, әлеуметтік дәрежесіне қарамастан, барлық адамның теңдей құқықтарға ие екені жарияланып, адам құқықтарына кепілдік берілді. Осылайша, алыс-жақын баршаның ойында Мәдина қаласы «Мәдина Мунәууәра» яғни, амандық, есендік өлкесі деген түсінік қалыптасып, қала үлкен абыройға кенелді (Гүлен, 2011: 61).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), Мәдинада халықтың басым көпшілігі яһудилерді де қамтитын келісім-шарт дайындап, қалада бірге тұру ережелерін дайындатқан. Ислам мемлекетінің алғашқы конституциясы болған бұл келісіммен сенім бостандығына кепілдік беріліп, тараптардың Мәдинаны қорғаудағы жауапкершілігі белгіленіп, яһудилердің құрайыш мүшріктерімен ықтимал одақтасуына тосқауыл қойылған. Тарихта «Мәдина құжаты» деп аталатын бұл келісім-шарт яһудилердің Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) мемлекет басшысы ретінде қабылдағанын көрсетеді (Арак vd., 2021: 25).

Мұсылмандар мен Мәдина қоғамын құрайтын өзге топтардың арасында бір келісімнің жазылуы – жаңа мемлекеттің конституциясына қатысты пайғамбар жасаған ең маңызды әрекеттердің бірі ретінде қабылданады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға келген алғашқы күннен бастап мұсылман, яһуди мен мүшріктерден тұратын әртүрлі топтармен бірге Мәдина қоғамын біріктіріп, жаңа жүйе құру үшін әрекетке кірісті. Осыдан кейін өзі құрғысы келген басқару жүйесі мен олардың арасындағы қатынас үшін бір қалып ұсынды. Бұны кейін әкімшілік, саяси және діни топтармен бірге ислам мемлекетін негіздеген ірге тас етті. Одан соң Мәдина тұрғындарын белгілі бір тәртіпке, қауіпсіздік пен жұмыс істеу құқықтарына кепіл болатын ортақ байланыспен жинады. Ибн Исхақ бұл конституцияның мәтінін өзіне дейін келген тізбегіне қатысты ешбір мәлімет бермеген күйі жеткізген:

Мәдина конституциясының мәтінін 3 топқа бөлуге болады:

1. Мүміндер арасындағы қатынасты жүйелейді. Өйткені пайғамбар әртүрлі тайпаларға мүше болғанына қарамастан барлық мұсылманды біріктіріп, оларды ислам бірлігімен бір-біріне байланысы бар бір үмбет ретінде жарыққа шығарған.

2. Мүшріктермен қатынасты жүйелейді. Мәдинада саны аз болғандықтан конституция олардың құқығын егжей-тегжейлі көрсетпеген. Алайда өзге топтарға берген құқықты оларға да берген.

3. Яһудилермен арадағы қатынасты жүйелейді. Бұл конституция – жоғары құзіретті пайғамбарға берумен қатар, келісімге келу, бірлік пен қоғамның мүддесі үшін іс-әрекет еркіндігіне ие болу жөніндегі келісім. Ішкі істерін өздері шешкенімен, құрайышқа қарсы Мәдинаны қорғау, Мәдинаға шабуыл жасағандардың ешбіріне көмектеспеу және пайғамбардың рұқсатынсыз мүшріктермен ешбір келісім жасамау мәселесінде де келіскен.

Конституцияны жазу аяқталған соң әр топ оның мазмұнымен келісіп, қол қойып, іске асыруға уағдаласқан. Осылайша пайғамбар мұсылмандарға қатысты діни және құқықтық құзіреттерімен қатар, барлық мәдиналықтарды басқару және қорғау құзіретін де өз қолына алды. Дәл солай басқару мен конституция баптарын іске асыру кезінде туындауы мүмкін келіспеушіліктерді шешу құқығы да пайғамбарда болды. Осылайша ішкі істерді бір ізге салған пайғамбар, бұдан кейін сыртқы істерге мән беруге көшті (Таққуш, 2023: 32). Бұл келісім шарт арқылы мұсылмандар күшті қоғамдық құрылымға ие болды. Барлығы қабыл ететіндей мемлекет деңгейіне жетті. Бұл мемлекеттің бас қолбасшысы өз. Мұхаммед (с.ғ.с.) еді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) һижреттен кейін «...Мәдинаның кеңестен кеңеске дейінгі жергілікті гарем (тыйым салынған) аймағы...» (Buhari, Fedailül-Medine, 1) деп атау арқылы әрі қаланың әрі ислам мемлекетінің шекарасын белгілеген. Артынан қаладағы мұсылмандардың санын үйрену үшін адам санағын жүргізіп, осылайша, жаңа құрылған мемлекеттің әскери күшін анықтаған.

Мәдинада алғашқы адам санағы: Ислам мемлекетінің құрлуы үшін қажетті инфрақұрылым дайындалып, көптеген қажеттіліктер қамтамасыз етіліп, барлығы қоғамдық бірлікке дайын болған кезде. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылмандардың санын біліп соған сәйкес іс-әрекет жасау үшін муахаттан кейін Мәдинада санақ жүргізді. Ислам тарихындағы тұңғыш халық санағы ретінде қабылданған бұл санақта жалпы саны 10 мыңға жуық халқы бар Мәдинада, 1500 мұсылман саны болған (Palabıyık, 2002: 103).

Алла елшісінің (с.ғ.с.) Мәдинаға келген соң атқарған маңызды іс-шараларының тағы бірі, мұсылмандардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бір базар құрды. Базар мешітке жақын маңда орналасып, исламдағы қала мәдениетіндегі мешіт-базар қарым-қатынасына жақсы бір үлгі көрсеткен (Demircan, 2019: 45). Мәдинада әр салада жылдам әрі тиімді қадамдар жасаған, ислам мемлекетінің экономика саласында жасаған ең маңызды қадамы мұсылмандар үшін базар құру болды. Сауда-саттықпен айналысатындарға айтарлықтай қолайлылық жасалған бұл базар «Мәдина базары» деп аталып, бұл жерде исламның сауда-саттық үкімдері негізгі алынып бекітілген. Осы экономикалық қадамның арқасында мұсылмандар қала экономикасында тез үстемдікке ие болды (Abdullah b. Müslim, 2001: 204-219).

Мемлекеттің шығындары соғыстардан қолға түскен олжа, зекет, жер және егін салығы, мұсылман еместерден алынатын жизиялар мен мемлекет жерінен түскен кірістер есебінен төленетін.



Сонымен бірге, пайғамбарымыздың заманында Мадинадағы мемлекеттік қаржы мәселесі де реттелді. Байтулмал (мемлекет қазынасы), барлық мемлекеттік активтер мен тиісті әкімшілік-қаржылық мекеме. Байтулмал мемлекетке тиесілі активтер мен кірістердің барлық түрлері жиналған, жасалған шығындар, құқықтары мен міндеттері бар тәуелсіз ұйым ретінде көрініс тапқан. Байтулмалдың ұйымдастырылған қаржы институты ретінде пайда болуын көптеген зерттеушілер әз. Омар (р.а.) кезеңіне жатқызғанымен, қаржылық мекеме ретінде ислам мемлекетінің алғашқы құрылған жылдары яғни Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Мәдина кезеңіне дейін деп санауға болады.

Мәдина кезеңінде құрылған ислам мемлекетінде осылайша, бірте-бірте қаржылық құрылым қалыптаса бастаған. Бұл кезеңде қайырымдылықтан басқа, мемлекетке тиесілі алғашқы елеулі табыс Бәдір шайқасында қолға түскен олжалар мен тұтқындардың бас бостандықтарына қауышу үшін алынған төлемақы еді. Көпшіліктің келіскен ауызбірлігіне байланысты зекет жауапкершілігі сол жылы басталған. Осы кезеңде алғаш рет мемлекет тарапындағы тұрақты салық жинала бастаған. Мұсылмандардың алғашқы иеленген жерлері ухудтан алты айдан кейін алынған Банф Надир жері болған. Бейбіт жолмен алынған бұл жер «Хашр» сүресінің 6-аятына сай байтулмалға берілген. Бұл кезеңде байтулмал сөзі қолданылмаса да, бұл мекеменің алғашқы негізі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бастамасын және зекет табысымен алынған олжалармен қаланған. Хижри жыл санауының тоғызыншы жылында бұл табыстарға жизия да қосылған. Қалыпты мемлекеттік кірістер қажеттілікті өтей алмаған жағдайда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) байтулмалға қосымша қайырымдылық жинаған кездері де болған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жиналған табыстардың бір бөлігін зекет сияқты Құран Кәрімде көрсетілген жұмсау орындарына таратқан, ал бір бөлігін өз қалауы бойынша қажетті жерлерге табыстаған. Бұл шығыстардың негізгі баптары соғыс шығындары мен кедейлерге көмек қолын созу болған. Екінші жағынан, ислам мемлекетінің әртүрлі аймақтарына тағайындалған мемлекеттік қызметкерлерге жаңадан пайда бола бастаған байтулмал тарапынан жалақы төлене бастағанын байқауға болады. Негізінде, Меккені жаулап алғанда бұл жерге амил (губернатор) ретінде тағайындалған Аттаб ибн Асид'ке Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күнде бір немесе екі дирхам жалақы берген (Erkal, 1992: 90-91).

Мәдинада бір Ислам мемлекетін құрған әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) қаланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «серияе» деп аталатын шағын әскери бөлімше құрып, әрқайсысының бастарына бір қолбасшы қойды. Бұл серияелер мәдинаның сыртына жорықтарға шығып, меккеліктердің және басқа да жаулардың әрекеттерінен хабардар етіп, мұсылмандар да осыған сәйкес алдын ала сақтық шараларын жасап отырған. Ибн Аббастың (радиаллаһу анһу) риуаят етуі бойынша Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Екі көз ақыретте күймейді: біріншісі, күнәсына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз, екіншісі, Отанды қорғап, шекара күзеткен көз» (Тирмизи, Фазайлул-жиһад 12.) Иә, асыл дініміз тек құлшылық етуді міндеттемейді, Отанды қорғап, елді сүюге, адамзатқа адал болуға, айналамызға пайда әкелуге тәрбиелейді. Бұдан туған жердің тұғырын биік етіп, тыныштығына сеп болу – адамдық әрі мұсылмандық борыш екенін түйеміз (<https://berik-kz.islam.kz/ru/post/paigambarymyz-muhammedte-oz-otany-ushin-allagaduga-jasagan-3037/#gsc.tab=0> (қаралған уақыты: 27.06.2024)).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) анда-санда әр түрлі мемлекет басшыларына хат жолдап, Исламға шақыратын. Мемлекеттің шекарасы азуақыттың ішінде кеңейген соң әр облысқа әкімдер, соттар, мұғалімдер, салық қызметкерлері жіберілді. Осы тұста экономикалық өмірге байланысты іс-шаралар да жасалды.

Мәдина Ислам мемлекетінің дипломатиялық қызметі шын мәнінде Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Мемлекет басшысы ретінде мойындаған Мәдина келісім-шартымен басталды. Мұсылмандардың қаладағы яһуди тұрғындарының ықтимал сатқындықтары үшін жазалануларына саяси негіз болған бұл келісім-шарт Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көрегендігін де көрсеткен дипломатиялық үлкен қадам болып есептелді. Сол сияқты Худайбия келісім-шартында мұсылмандарға қарсы болып көрінген шарттар болғанымен, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тарапынан қабыл етіліп, бұл келісім-шарт исламның кең таралуына ықпал етті.

Худайбия келісім-шартының «он жыл бойы соғыс болмайды» деген бабына сәйкес пайда болған бейбітшілік ортасы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) барлық күш-қуатын исламды насихаттауға мүмкіндік берді. Шындығында, бұл үдерісте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түрлі мемлекет басшылары мен тайпа басшыларына исламға шақыру хаттарын жіберіп, оларды ресми құжат екенін көрсету үшін мөр басқан. Қысқа әрі нұсқа жазылған хат мәтіндерінде жіберілген елдің ерекшеліктеріне қарай өрнектер таңдалып, әртүрлі стильдер қолданылған. Хат алушыны (қарсыласын) ислам дініне шақырып, оны қабылдамаса жағдайдың әсерінен зардап шегетін азаматтары (отандастары) үшін жауапкершілікті өз мойындарына алатындықтарын ескертіп, қолданылатын ережелерді түсіндірген. Ислам дініне шақыру хаттары Византия, Эфиопия, Сасанидтер сияқты ұлы мемлекеттерге және осы мемлекеттердің әмірлері мен жартылай тәуелсіз аймақ билеушілеріне жіберілген. Шақыру хаттарына хат алушылардың жауаптары әртүрлі болған. Олардың кейбірі исламды қабылдаған, кейбірі исламды қабылдамаса да, елшісін сыйлықтармен шығарып салған, кейбірі шақыруға ашуланып, елшіге жаман қарым-қатынас жасаған, ал кейбірі исламды қабылдаудан бас тартып, жизия (салық) төлеуге разы болған. Осының нәтижесінде Араб жазирасының іргелес аймақтары мен жақын орналасқан елдердің билеушілеріне жеткен хаттар исламның таралуына үлкен септігін тигізген (Abdullah b. Müslim, 2001: 222-252).

Мәдина ислам мемлекеті құрылғаннан кейін ара-тұра кейбір делегаттар тобы Пайғамбармен (с.ғ.с.) кездесуге немесе исламды қабылдағандарын білдіруге Мәдинаға арнайы келген. Халықаралық қатынастар осылайша бірте-бірте дамып, нәтижесінде мұсылмандар Араб түбегіндегі ең үлкен күшке айналады. Бұл кезеңде ислам дінін қабылдап, Пайғамбарға (с.ғ.с.) ант беру үшін өз еріктерімен келгендері болғаны сияқты исламның үстемдігін қабылдауға мәжбүр болғандықтан келген делегациялар да болған. Олардың кейбірі Тамим, Асад, Ханифе және Сақиф тайпалары сияқты мұсылман болған; кейбіреуі Нәжран христиандары сияқты жизия төлеуге келісіп, өз діндерінде қалған. Мұсылман болып, исламды өз аймақтарында таратқан елдердің арқасында «*Алланың дініне топ-топ болып кірген халықты көргенде...*» (Наср сүресі, 110/2) деген аятында айтылған оқиға жүзеге асып, ислам туы бүкіл араб түбегіне жеткен (İbn Hişam el-Himyeri, 205-247).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дін жайында ешкімді мәжбүрлемейтін. Алдымен шақырады келсе келеді, келмесе мемлекет заңына сәйсек қандай үкім болса соны қолданатын. Ол үлкен ұлы тұлға адамдар арасында, нәсіліне, тегіне қарамастан араларын бөліп жармай, барлығына бірдей қарап, адамдарға әрдайым әділдікпен қарым-қатынас жасаған.

Әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) ең алдымен айналасындағыларға құқық және әділеттілік туралы хабардар етіп саналарына әбден сіңірді. Әділдік оның негізгі ұстанымының ірге тасын қалайтын. Ешкімде қандай жағдай болмасын жақын бір туысына артықшылық жасай алмайтын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұған байланысты; *«Ей адамдар! Раббыңыз бір. Әкеңізде бір, барлығыңыз адамның баласысыз, адам болса топырықтан. Алланың қасында ең үстем болғандарыңыз оның әмір және тиымдарына барынша құрмет көрсеткеніңіз. Арабтың араб еместен, араб еместің арабтан үстемдігі болмағанындай, қызылдың қарадан, қараның қызылдан үстемдігі жоқ. Ешбір ұлттың басқаларынан үстемдігі жоқ. Үстемдік тек қана тақуалықта»* (Ахмад ибн Ханбал, әл-Муснад, V, 411) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) уахи келмеген мәселені замандас жолдастарымен бірге ақылдасып шешетін.

## Қорытынды

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға келгеннен соң әрі діни көшбасшы, әрі саяси көшбасшы ретінде қызмет атқарды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинадағы тайпалармен төзімділік ішінде бірге өмір сүруге қолайлы бір мемлекет құру арқылы, әділдіктің тең дәрежеде жүзеге асуын, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етті.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабылдаған конституциясы тайпалар арасында туындаған мәселелерді шешуге септігін тигізіп, әртүрлі дін өкілдерінің өзара ортақ мәселелерде бас қосуына, бір-бірімен ынтымақтасып бірге өмір сүруіне мүмкіндік берді. Тіпті саяси одақ құруға, қоғамдық-әлеуметтік, бейбітшілік пен рухани татулықты жүзеге асыруға, сонымен қатар еркін ойдың қалыптасуына ықпал етті деуге болады.

Әз. Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударған соң араб және еврей тайпаларының көсемі ретінде, дайындаған конституциялық шартпен Мәдина қала мемлекетінің құрып, ел басы болып тағайындалды. Пайғамбар ұстаз ретінде қоғамды және сахабаларды тәрбиеледі. Сот төрешісі ретінде даулы істерге қатысты. Экономика саласында да халықаралық саудагер ретінде еркін нарықтық экономиканы қалыптастырды. Әскери басшы (қолбасшы) ретінде әскер құрды; соғыстарға қатысып жеңістерге жетті. Саяси көшбасшы, мемлекет басшысы-пайғамбар ретінде шет елдік мемлекет басшыларымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып; елшілер жіберіп, елшілер мен делегацияларды қабылдады. Мұсылман болған аймақтарға губернаторлар, қазылар, ұстаздар мен мемлекеттік қызметкерлерді тағайындады. Мемлекеттің, қоғамның, әскердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін салық салып, мемлекет қазынасын құрды. Өзі іске асырған басқару және көшбасшылық стилімен мемлекет қызметкерлері мен басқарушыларға үлгі болды. Әз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) мемлекет басшысы – Пайғамбар ретінде басқарған бұл дәуір тарихта «асры-саадат» (алтын ғасыр) деп аталған. Оның құрған бұл мемлекеті отыз жылда екі құрлыққа үстемдік құрған империяға айналған.

Ислам діні келгенінен бері әмбебап бір дін болып, бүкіл адамзат үшін ең соңғы және ең кемел дін ретінде танылды. Соңғы діннің ең соңғы Пайғамбары төзімділік, әділдік, еңбекқорлық, адалдық, шыншылдық, ақылдасу, ынтымақтастық пен мейрімділік қасиеттері бар мықты және әділ бір мемлекет басқарған.

### **АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**Сембіұлы Нұрболат**, бастапқы деректерді жинауда және мақаланың мәтінін жазуда елеулі үлес қосты. Мақала жазу барысында зерттеу әдістемесін әзірлеуге жауапты болды, жұмыстың ғылыми негізін қалыптастыруға үлес қосып, сонымен қатар жариялауға арналған мақаланың финалдық нұсқасы ретінде бекітті.

**Абишева Замира**, зерттеудің идеясын қалыптастырды, сондай-ақ мақала концепциясын әзірлеу барысында мақсаттар мен міндеттерді анықтады. Сонымен қатар, алынған деректерді талдау мен интерпретациялауға да қатысты. Мақаланың аңдатпасын орыс, ағылшын тілдеріне аудару сынды жұмыстарды атқарды.

### **МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### **Әдебиеттер тізімі**

- Mevlüt Koyuncu, Medine şehir devleti, *SAÜ, Fen edebiyat dergisi*, 2009 cilt 11, sayı: 2, s. 88-89.  
Құран, «Аләк» сүресі, 96/1.  
Құран, «Ниса» сүресі, 4/79.  
İbn Hişam, İslam Tarihi Siret-i İbn-i Hişam Tercemesi, (trc., Hasan Ege), İstanbul, 1985, C. I, s. 353.  
Bernard Lewis, *İslam'ın siyasi söylemi*, (trc., Ünsal Oksay), Ankara, 2007, s. 49.  
Muhammed Hamidullah, *İslam peygamberi*, (trc, S. Tuğ), İrfan Yayınları, İstanbul, 1991, C.1, s. 183.  
Muhammed Hamidullah, İlk İslam devleti, (trc, İ.S. Sırma), İstanbul, 1992, s. 13-14.  
Hasan İbrahim Hasan, *Siyasi-dini kültürel-sosyal İsam tarihi*, (trc., İ.Yiğit-S.Gümüş), İstanbul, 1991, C.1, s. 73-74.  
İbn Sad, Ebu Muhammed Abdullah b.Müslim, et-Tabakatül- kübra, mektebetül-Hanci, C.1, Kahire, 2001, ss. 168-204.  
İlknur Apak, Fatih Dilkeççi vd., *İslam tarihi*, Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları, Ankara, 2021, s. 24.  
Мұхаммед Сухәйл Таққуш, *Ислам тарихы, Жаһилет дәуірінен бастап Осман мемлекетінің соңына дейін*, Аударған: Ернар Есімқұлов. Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023, 31 б.  
Nebi Bozkurt-Mustafa Sabri Küçükbaşcı, Mescid-i Nebevi, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 29 cilt, Ankara, 2004, ss. 281-290.  
Сафи әр-Рахман әл-Мубаракфури, Мұхаммед пайғамбар, Аударған: Қ.Спатай. Алматы: «Qasiet Qaz» ЖШС, 2023, 173 б.  
Casim Avcı, Kaynuka (Beni Kaynuka), Diyanet İslam Ansiklopedisi, 25 cilt, Ankara, 2022, s. 88.  
M. Hanefi Palabıyık, Hz. Peygamberin devlet kurma faaliyeti (Tarihi arkaplan açısından), *Atatürk Üniversitesi, İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 2002, sayı:17, s. 102, 103.  
Adnan Demircan, Medine dönemi, Siyer dersleri, (Allah Elçisi'nin (s.a.s.) Hicreti), Malatya Büyükşehir Belediyesi Yayınları, Malatya 2019, s. 45.  
Mehmet Erkal, Beytülmal, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 6 cilt, İstanbul, 1992, s. 90-91.

Тирмизи, Фазайлул-жиһад 12.

<https://berik-kz.islam.kz/ru/post/paigambarymyz-muhammedte-oz-otany-ushin-allaga-duga-jasagan-3037/#gsc.tab=0> (қаралған уақыты: 27.06.2024).

Құран, «Наср» сүресі, 110/2.

Ibn Hişam, Ebu Muhammed Abdulmelik el-Himyeri, es-Siretün-Nebeviyye, C. 4 Beyrut, ts. ss. 205-247.

Ахмад ибн Ханбал, *әл-Муснад*, V, 411.

**Сембиулы Нурболат<sup>а</sup>, Абишева Замира<sup>а</sup>**

*Международный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога, Астана, Казахстан*

### **Особенности Пророка Мухаммеда в управлении государством**

**Аннотация.** Содержание статьи посвящено событиям переселения Пророка Мухаммеда в город Медину и установления там исламского государства. В статье приводятся исторические данные о том, как Пророк решал проблемы формирования государства и управления народом, а также о систематической работе, которую он проводил на пути распространения религии Ислам. С момента своего создания ислам был универсальной религией и был признан последней и наиболее совершенной религией для всего человечества. Последний Пророк последней религии правил сильным и справедливым государством, обладавшим качествами терпимости, справедливости, трудолюбия, честности, искренности, рассудительности, сотрудничества и доброты. После того, как Пророк Мухаммед переехал из Мекки в Медину, он смог заключить общий договор с различными этническими группами города и показал пример справедливого управления. Посланник Аллаха никогда не колебался в своей верности этому соглашению и прекрасно выполнил все свои обязательства и условия. Этот пример управления страной, оставленный Пророком, и присущее ему достоинство управления страной не потеряли своей актуальности и по сей день. В то же время написано о лидерских качествах Пророка, о системе, которую Пророк создал в соответствии с принципами ислама и демократическими принципами, а также об особенностях государственного управления.

**Ключевые слова:** Пророк Мухаммед, ислам, история Ислама, исламское право, государство, правосудие, права человека, миграция, Мекка, Медина, Байтулмал.

**Nurbolat Sembiuly<sup>а</sup>, Zamira Abisheva<sup>а</sup>**

*International center for Interfaith and Interreligious dialogue, Astana, Kazakhstan*

### **Features of the Prophet Muhammad in public administration**

**Abstract.** The content of the article is devoted to the events of the resettlement of the Prophet Muhammad to the city of Medina and the establishment of the Islamic state there. The article provides historical data on how the Prophet solved the problems of forming a state and governing the people, as well as on the systematic work he carried out on the path of spreading the religion of Islam. Since its inception, Islam has been a universal religion and has been recognized as the last and most perfect religion for all mankind. The last Prophet of the last religion ruled a strong and just state, possessing the qualities of tolerance, justice, diligence, honesty, sincerity, prudence, cooperation and kindness. After the

Prophet Muhammad moved from Mecca to Medina, he was able to conclude a common agreement with the various ethnic groups of the city and set an example of fair governance. The Messenger of Allah never wavered in his loyalty to this agreement and perfectly fulfilled all his obligations and conditions. This example of governing the country, left by the Prophet, and the inherent dignity of governing the country have not lost their relevance to this day. At the same time, it is written about the leadership qualities of the Prophet, about the system that the Prophet created in accordance with the principles of Islam and democratic principles, as well as about the peculiarities of public administration.

**Key words:** Prophet Muhammad, Islam, history of Islam, Islamic law, state, justice, human rights, migration, Mecca, Medina, Baitulmal.

### References

- Mevlut Koyuncu, Medina Şehir Devleti, *Sakarya Fen Edebiyat Dergisi University*, 2009, Volume 11, Issue 2, pp. 88-89. [in Turkish]
- Koran, Sura 3 “Alyak”, 96/1.
- Koran, Surah “Nisa”, 4/79.
- Ibn Hisham, *Islam historical Siret-i Ibn-i Hisham*, (translated, Hasan Ege), Istanbul, 1985, I, 353p. [in Turkish]
- Bernard Lewis, *Islamin Siyaasal Salemi*, (translated, Unsal Oskay), Ankara, 2007, p. 49. [in Turkish]
- Muhammad Hamidullah, *Prophet of Islam*, (translated, S. Tug), Istanbul, 1991, Vol.1, 183 p. [in Turkish]
- Muhammad Hamidullah, *Ilk Islam Devleti*, (translated, I.S. Sirma), Istanbul, 1992, pp. 13-14. [in Turkish]
- Hasan Ibrahim Hasan, *Political-religious, cultural-social Islam, historical*, (translated, I. Igit-S. Gumush), Istanbul, 1991, Vol. 1, pp. 73-74. [in Turkish]
- Ibn Sad, Abu Muhammad Abdullah ibn Muslim, *at-Tabakatul-kubra, makbatatul-hanji*, vol. 1, Cairo, 2001, 168-204. [in Arabic]
- Ilknur Apak, Fatih Dileksi vd., *History of Islam*, Ministry of Education, Ankara, 2021, p. 24. [in Turkish]
- Muhammad Suhail Takkush, *History of Islam, from the era of ignorance to the end of the Ottoman Empire*, translated by Yernar Yesimkulov. Almaty: Nur-Mubarak Publishing House, 2023. 31 p. [in Kazakh]
- Nebi Bozkurt-Mustafa Savri Kushukasi, *Masjid-i Nebevi*, Islamic Encyclopedia Diyanet, 29 Jilt, Ankara, 2004, pp. 281-290. [in Turkish]
- Safi ar-Rahman al-Mubarakfuri, *Prophet Muhammad*, translated by K. Spatai. Almaty: Qasiet Qaz LLP, 2023, p. 173. [in Kazakh]
- Jasim Avji, Kaynuka (Beni Kaynuka), *Islamic Encyclopedia Diyanet*, July 25, Ankara, 2022, p. 88. [in Turkish]
- M. Hanefi Palabiyik, Hz. Activities of the State of the Prophet (from a historical background and in perspective), *Journal of the Faculty of Theology of Ataturk University*, 2002, issue: 17, 102, 103 pp. [in Turkish]
- Adnan Demirjan, *Medina period, siyar dersleri*, (Hijra Allah Elshisin (peace and blessings of Allah be upon him), Malatya Buiksehir Municipal Library, 2019, 45 p. [in Turkish]
- Mehmet Yerkal, *Beytulmal*, Islamic Encyclopedia Diyanet, 6th volume, Istanbul, 1992, pp. 90, 91. [in Turkish]
- Tirmidhi, *Fazailul-Jihad* 12. <https://berik-kz.islam.kz/ru/post/paigambarymyz-muhammedte-ozotany-ushin-allaga-duga-jasagan-3037/#gsc.tab=0> (view:06.27.2024) . [in Kazakh]

Koran, Surah Nasr, 110/2.

Abu Muhammad Abdul-Malik ibn Hisham al-Himyari, *As-Siratun Nabawwiyya*, volume 4, Beirut. pp. 205-247. [in Turkish]

Ahmad ibn Hanbal, *al-Musnad*, V, 411. [in Turkish]

#### Information about the authors:

**Nurbolat Sembiuly** – PhD doctor, senior expert Department of Religious Expertise the International center for Interfaith and Interreligious dialogue, 57 Tauelsizdik Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2960-9074>, [nurka\\_kazakh@mail.ru](mailto:nurka_kazakh@mail.ru)

**Zamira Abisheva** – Master of Religious Studies, senior expert Department of Religious Expertise the International center for Interfaith and Interreligious dialogue, 57 Tauelsizdik Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-4105-6309>, [zamira.abisheva@mail.ru](mailto:zamira.abisheva@mail.ru)

#### Авторлар туралы мәліметтер:

**Нұрболат Сембіұлы** – PhD доктор, Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы, КЕАҚ, Дінтану сараптамасы департаментінің аға сарапшысы, Тәуелсіздік көшесі №57. 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2960-9074>, [nurka\\_kazakh@mail.ru](mailto:nurka_kazakh@mail.ru)

**Замира Абишева** – дінтану магистрі, «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КЕАҚ, Дінтану сараптамасы департаментінің аға сарапшысы, Тәуелсіздік көшесі №57. 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-4105-6309>, [zamira.abisheva@mail.ru](mailto:zamira.abisheva@mail.ru)

#### Сведения об авторах:

**Нурболат Сембиұлы** – PhD, старший эксперт департамента религиоведческой экспертизы НАО «Международный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога», ул. Тауелсиздик, №57, Дворец мира и Согласия, 010000, г. Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-2960-9074>, [nurka\\_kazakh@mail.ru](mailto:nurka_kazakh@mail.ru)

**Замира Абишева** – магистр религиоведения, старший эксперт департамента религиоведческой экспертизы НАО «Международный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога», ул. Тауелсиздик, №57, Дворец мира и Согласия, 010000, г. Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0007-4105-6309>, [zamira.abisheva@mail.ru](mailto:zamira.abisheva@mail.ru)

The article was submitted 18.10.2024; approved after reviewing 05.11.2024; accepted for publication 01.12.2024